

ӨОЖ 37.01:001.8; МҒТАР 14.01.07
<https://doi.org/10.47526/3107-3123.333>А.Н. ЖАНБЫРБАЕВА¹, С.Ә. ЖҮЗЕЕВ², Н. САГИДОЛДА¹¹Нархоз университеті²Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

✉e-mail: serik_juzeev@mail.ru

**АУЫЛ ЖӘНЕ ҚАЛА МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БІЛІМ САПАСЫ ТУРАЛЫ
СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗҚАРАСЫН ЭМПИРИКАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Аңдатпа. Мақалада ауыл және қала мектептерін бітірген студенттердің мектеп қабырғасындағы білім беру сапасына қатысты қабылдау ерекшеліктері салыстырмалы және сандық негізде зерттеледі. Жүргізілген зерттеудің басты мақсаты – ауылдық және қалалық ортада білім алған студенттердің мектептегі оқу үдерісіне, педагогикалық қолдау шараларына, материалдық-техникалық базаға және цифрлық ресурстарға қатысты пікірлерін анықтап, олардың айырмашылықтарын ғылыми тұрғыда талдау. Зерттеу мазмұны білім алушылардың мектептегі білім сапасына қатысты көзқарастарын сипаттайтын 16 индикаторды қамтып, ауыл және қала мектептерін бітірген студенттердің жауаптарын салыстырмалы талдау негізінде ашылады. Талдаудың нәтижелері білім беру сапасындағы айырмашылықтардың қай аспектілерде айқын көрінетінін көрсетуге бағытталды. Эмпирикалық деректер қазақстандық екі университет студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде жинақталып, JASP статистикалық талдау бағдарламасының көмегімен талданды.

Жиналған деректерді өңдеуде дескриптивті статистика, тәуелсіз t-тест және Pearson корреляциялық талдауы қолданылды. Талдау нәтижелері бойынша қалалық мектеп түлектері білім беру сапасына, мұғалімдердің кәсіби деңгейіне, технологиялық мүмкіндіктерге және қосымша қолдауға жоғары баға бергені анықталды. Ауылдық мектеп түлектері болса кейбір педагогикалық қатынас пен тәрбие саласына оң көзқарас танытқанымен, жалпы инфрақұрылым мен заманауи білім беру талаптары бойынша әлсіз тұстарын байқатты. Pearson корреляциясы арқылы айнымалылар арасындағы өзара байланыстардың құрылымы анықталып, білім беру сапасына әсер ететін негізгі факторлар ғылыми негізде сипатталды. Алынған зерттеу нәтижелері ауыл мен қала мектептері арасындағы теңсіздіктің құрылымдық сипатын ашуға, сонымен қатар болашақ реформалар үшін нақты ұсыныстар жасауға негіз болады. Мақалада білім беру теңсіздігі тақырыбы жан-жақты қарастырылып, шынайы деректерге сүйенген ғылыми қорытындыларымен ерекшеленеді.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттердің ауыл және қала мектептеріндегі білім сапасына қатысты көзқарастарын эмпириялық әдістер арқылы талдау нәтижелері білім беру саласын дамытуға арналған практикалық ұсыныстарды әзірлеп, негіздеуге мүмкіндік береді.

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Жанбырбаева А.Н., Жүзеев С.Ә., Сагидолда Н. Ауыл және қала мектептеріндегі білім сапасы туралы студенттердің көзқарасын эмпирикалық талдау // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №2 (140). – Б. 57-67. <https://doi.org/10.47526/3107-3123.333>

***Cite us correctly:**

Zhanbyrbaeva A.N., Zhuzeev S.A., Sagidolda N. Auyl zhane qala mektepterindegi bilim sapasy turaly studentterdin kozqarasyn empirikalyq taldaу [An Empirical Analysis of Students' Perceptions of Education Quality in Rural and Urban Schools] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №2 (140). – B. 57-67. <https://doi.org/10.47526/3107-3123.333>

Мақаланың редакцияға түскен күні 25.06.2025 / қабылданған күні 30.06.2026

Кілт сөздер: ауыл, қала, білім сапасы, студент көзқарасы, эмпирикалық зерттеу, салыстырмалы талдау, Jasp.

Кіріспе

Сапалы білім беру – кез келген елдің әлеуметтік әділеттілікке ұмтылуы мен орнықты дамуының маңызды көрсеткіші болып саналады. Қазақстан үшін бұл саладағы басты мәселелердің бірі – ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасындағы теңсіздік. Бұл теңсіздік тек материалдық-техникалық база мен кадрлық ресурстармен ғана емес, сондай-ақ оқушылардың білімге деген қатынасы, отбасылық мотивациялық қолдау деңгейі, құндылықтық бағдарлары және қоғамдастықтың білім беру үдерісіне қатысу белсенділігімен де тығыз байланысты.

Әлем бойынша жүргізілген OECD PISA 2018 халықаралық зерттеуі Қазақстанда қала мен ауыл оқушыларының оқу жетістіктері арасында айтарлықтай айырмашылық бар екенін көрсетті. Бұл айырмашылық бойынша тек білім беру жүйесінің ішкі ұйымдастырылуына емес, әлеуметтік және мәдени контекстке де байланысты екені анықталған [1]. Жүргізілген зерттеулер ауылдық оқушылар көбіне сыпайылық, мейірімділік және дәстүрлі құндылықтарды жоғары бағалайтынын, ал қалалық оқушылар тәуелсіздік пен өзін-өзі дамытуға көбірек басымдық беретінін көрсетеді [2]. Бұл құндылықтық айырмашылықтар отбасындағы бақылау деңгейі мен әлеуметтік орта құрылымы және болашаққа қойылатын үміттермен тығыз байланысты.

Білім алуға деген ұмтылыс пен академиялық мақсаттар да осы екі әлеуметтік кеңістікте әрқалай көрінеді. Ауылдық ортада оқушылардың кәсіби және білімдік мақсаттарына көбінесе шектеулер болады. Бұл олардың қабілеттеріне емес, көбіне ата-аналардың әлеуметтік-экономикалық деңгейіне, мотивациялық қолдаудың болмауына да байланысты [3].

Бұл тек Қазақстандағы мәселе емес, әлемнің көптеген елдерінде де назар аударуды қажет ететін жағдай. Ауыл және қала мектептеріндегі өнімділік пен есептілік те біркелкі емес. Мысалы, АҚШ-тың Кентукки штатында ауыл мектептері кей жағдайда қалалық мектептерден жоғары нәтиже көрсеткенімен, стандартталған тест нәтижелері ауыл мектептерінің нақты әлеуетін толық көрсете алмағанын аңғартады [4]. Австралияда ауыл оқушыларының жаратылыстану ғылымдарына қызығушылығы төмен екендігі анықталған [5]. Бұл білімдегі оқу мазмұны ауыл өмірінің шындығына сәйкес келмейтінін көрсетеді және мазмұнды бейімдеу қажеттілігін алға тартады [6].

Білім беру сапасына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – инфрақұрылым мен технологияға қолжетімділік. Қалалық мектептерде интернет, білім беру технологиялары және білікті педагогтер қолжетімді болса, ауылдық жерлерде бұл ресурстар айтарлықтай шектеулі [7]. Бұл шектеулер мектептегі оқушылардың өзін-өзі бағалауына, мотивациясына және кәсіби болашағына әсер етеді.

Мектеп оқушыларының танымдық дамуы мен білім беру топтастыруының нәтижелілігі де әр ортада әрқалай байқалады. Қалалық мектептерде топтық оқыту тиімді болса, ауылдық мектептерде оқушыларға қосымша әдістемелік қолдау көрсету қажет [8]. Ауыл мен қала мектептері ұстаз жетіспеушілігі, қаржыландыру тапшылығы және есептілік қысымы сияқты ортақ проблемалармен де жиі бетпе-бет келуде [9].

Бүгінгі таңда терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесінде ауыл және қала мектептерінің жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарлануында да күрделі өзгерістер байқалады. Алайда, елімізде жастарды кәсіби даярлау жүйесі еңбек нарығының шынайы сұраныстарын толықтай қанағаттандыра алмай отыр, әсіресе техникалық мамандықтарға деген қажеттіліктің жоғары екендігі анықталуда [10].

Ауыл мен қала мектептері арасындағы айырмашылықтар Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі теңсіздіктің айқын көрінісі. Нақтырақ айтқанда, білім сапасы мен оған

қолжетімділіктің арасындағы алшақтық – елдегі білім беру саясатының өзекті мәселелерінің бірі [11]. Бұл пікірді бұған дейін жүргізілген бірнеше зерттеулер де қуаттай түседі. Мәселен, ауыл мен қала мектептерінің білім беру деңгейіндегі теңсіздікті білім беру теңсіздігінің ең өзекті көріністерінің бірі ретінде қарастырады [12].

Осыған орай, ауыл мен қала мектептері арасындағы білім сапасындағы алшақтықты тек құрылымдық-функционалдық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың субъективті тәжірибесі, әлеуметтік-мәдени орта және құндылықтық бағдарларымен ұштастыра қарастыруы қажет. Университет білім алушыларының өткен оқу ортасына негізделген көзқарастары – олардың білім беру сапасына деген қатынасын, болашақ кәсіби рөлдерін қабылдауын және білім берудегі теңсіздік мәселесін қалай түсінетінін көрсететін маңызды көрсеткіш. Сондықтан, студенттердің осы мәселе жайлы пікірлері мен қабылдау ерекшеліктерін зерттеу арқылы білім беру саясатына, маман даярлау жүйесіне және ауылдық білімді қолдауға қатысты тереңірек пайым жасауға мүмкіндік пайда болады.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Зерттеу жұмысы ауыл және қала мектептеріндегі білім сапасына қатысты студенттердің көзқарастарын салыстырмалы және эмпирикалық тұрғыда талдауға бағытталды. Жүргізілген зерттеу барысында сандық (квантитативті) әдістер кешені қолданылды. Негізгі деректер мен нәтижелер жоғары оқу орындарында білім алып жатқан 164 студентке жүргізілген құрылымдалған сауалнама арқылы алынды. Сауалнама жұмысына екі қазақстандық университет студенттері қатысты. Нәтижесінде қала және аймақтық жоғары оқу орындары студенттерінің мектептегі білім тәжірибесін салыстырмалы түрде талдауға мүмкіндік берді. Сауалнама сұрақтары білім беру сапасына, материалдық-техникалық жағдайларға, цифрлық ресурстарға, мұғалімдердің кәсіби деңгейіне және мотивациялық факторларға қатысты пікірлерді айқындауға бағытталды. Барлығы 16 сұрақтан тұратын сауалнама құрылымы Лайкерт шкаласы (1 – мүлдем келіспеймін, 5 – толықтай келісемін) бойынша бағаланды.

Жинақталған деректер JASP 0.18.3 статистикалық талдау бағдарламасы арқылы өңделді. Қорытынды мәліметтер негізінде бірнеше статистикалық талдау әдістері қолданылды. Біріншіден, дескриптивті статистика арқылы әр сұрақ бойынша орташа мән мен стандартты ауытқулар есептелді, бұл студенттердің пікірлеріндегі жалпы өзекті үрдістерді айқындауға мүмкіндік берді. Екіншіден, деректер бойынша тәуелсіз t-тест (Independent Samples T-Test) көмегімен ауыл және қала мектептерін бітірген студенттердің жауаптары арасындағы статистикалық айырмашылықтар шынайы бағаланды. Бұл тәсіл екі топ арасындағы алынған жауаптар айырмашылығының мәнділігін тексеруге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, айнымалылар арасындағы өзара байланыстарды бағалау үшін Пирсон корреляциялық талдауы (Pearson's r) жүргізілді. Қолданылған әдіс сауалнама сұрақтары арасындағы ықтимал логикалық немесе себеп-салдарлық қатынастарды анықтауға бағытталды. Корреляциялық байланыстар нәтижесі визуалды түрде жылу картасы (heatmap) түрінде ұсынылып, қатысушылардың қабылдау құрылымының ішкі үйлесімділігін көрсетті.

Жинақталған мәліметтерді алдын ала өңдеу барысында деректердің толықтығы мен бірізділігі тексерілді. Барлық статистикалық талдау процедураларында α деңгейі 0.05 деп белгіленді, яғни $p < 0.05$ мәні статистикалық тұрғыда мәнді деп танылды.

Жүргізілген зерттеу үлгісі кездейсоқ емес, яғни мақсатты түрде іріктелген (purposive sampling). Осы іріктеу әдісі ауыл немесе қала мектебінде білім алған жоғары курс студенттерінің көзқарастарын мақсатты түрде зерттеуге мүмкіндік берді. Зерттеуге қатысушылар анонимділік және құпиялылық қағидаларына сәйкес сауалнамаға өз еркімен қатысты.

Талдау мен нәтижелер

Зерттеу барысында жинақталған сауалнама деректері JASP статистикалық талдау бағдарламасының көмегімен сандық-статистикалық тұрғыда өңделіп, ауыл және қала

мектептерін бітірген студенттердің білім сапасына қатысты қабылдау ерекшеліктері салыстырмалы түрде жан-жақты талданды. Алдымен дескриптивті статистика нәтижесінде әр сұрақ бойынша орташа көрсеткіштер мен стандартты ауытқулар есептеліп, студенттердің жалпы жауап нәтижелері айқындалды. Одан кейін тәуелсіз t-тест көмегімен екі топ арасындағы жауаптардың айырмашылық көрсеткіштері тексерілді. Талдау нәтижелері ауылдық және қалалық мектеп түлектерінің білім сапасына деген көзқарастарында бірқатар елеулі айырмашылықтар бар екенін дәлелдеді. Нақтырақ айтқанда, мұғалімдердің кәсібилігі, білім беру ресурстарының қолжетімділігі және оқуға деген мотивация секілді көрсеткіштер бойынша қала мектебін бітірген студенттердің жауаптары жоғарырақ деңгейде көрініс тапты. Сондай-ақ, кейбір көрсеткіштер бойынша ауылдық мектептерден келген студенттердің пікірлері оң деп бағаланғанымен, стандартталған білім беру стандарттарына сәйкестік және цифрлық құралдарды пайдалану жағынан төмен едәуір нәтижелер байқалды. Ал, бұл айырмашылықтар ауыл және қала мектептері арасындағы білім беру инфрақұрылымы мен әлеуметтік-мәдени орта ерекшеліктерімен өзара тығыз байланысты екенін айғақтады.

1-кестеде көрсетілгендей қала (urban) және ауыл (rural) мектептерін бітірген жоғары оқу орны студенттерінің мектептегі білім беру сапасына, материалдық-техникалық базаға, мұғалімдердің кәсіби біліктілігіне, цифрлық ресурстарға және қосымша білім беру мүмкіндіктеріне қатысты көзқарастары салыстырмалы түрде сипатталады. Сауалнама нәтижелерін алуда Лайкерт шкаласы қолданылып, әр сұрақ бойынша орташа мән (Mean) мен стандартты ауытқу (Std. Deviation) көрсеткіштері JASP статистикалық талдау бағдарламасы арқылы өңделді.

1-кесте – Қала және ауыл мектептерінде оқыған студенттердің білім сапасына қатысты көзқарастарының дескриптивті статистикалық түсіндірме сипаттамасы

№	Сұрақтар мазмұны	Талдамалық түсініктемесі (JASP нәтижесіне негізделген)
1	2	3
Q1	Мектепте оқытқан мұғалімдердің кәсіби біліктілігі айтарлықтай жоғары болды.	Қала (urban) студенттері орташа (3.84) жоғары баға берген, ауылдан (3.51) жоғары.
Q2	Мұғалімдер әдеби мен бағалаудағы әділдігі мені толық қанағаттандырды.	Екі топта да жоғары баға (4.00). Бірақ қалада стандартты ауытқу азырақ (біркелкі).
Q3	Мектепте заманауи технологиялар (интерактивті тақта, компьютер, интернет) кеңінен тиімді қолданылды.	Қалада орташа жоғары (4.00), ауылда төменірек (3.34). Цифрлық теңсіздік көрініс береді.
Q4	Мектеп ғимараты мен материалдық базасы сапалы әрі өте қолайлы болды.	Қала (4.08) айқын жоғары, ауыл (3.5) – жабдыкталу деңгейі бойынша алшақтық едәуір бар.
Q5	Зертханалық және практикалық сабақтарға қажетті құрал-саймандар жеткілікті болды.	Қала (3.83) жоғары, ауыл (3.16) – ауылда тәжірибелік жабдықтар тапшылығы сезіледі.
Q6	Кітапхана қоры мен интернетке қолжетімділік сабақ оқуым үшін жеткілікті болды.	Қалада (4.18) өте жоғары, ауылда (3.58). Сандық ресурстарға қолжетімділік төмен.
Q7	Оқу бағдарламасы қазіргі заманауи талаптарға сай және қызықты болды.	Қалада (3.97) жоғары, ауылда (3.34). Мотивациялық орта қалалықтарда күшті.
Q8	Сабақтарда менің белсенділігім мен қызығушылығымды арттыратын әдіс-тәсілдер қолданылды.	Қалада (3.88), ауылда (3.50) – оқытудың белсенді әдістері қалада жиі қолданылған.

1-кестенің жалғасы

1	2	3
Q9	Түрлі пәндер арасында байланыс пен интеграция айқын көрініс тапты.	Қалада (3.84), ауылда (3.43). Қалалық мектептерде интеграция жақсы көрініс тапқан.
Q10	Мектепте үйірмелер мен зияткерлік жарыстар жиі өткізілді.	Қалада (4.10), ауылда (3.42). Қалаларда қосымша білім беру мүмкіндігі көбірек.
Q11	Қосымша көмек (мұғалімдер тарапынан кеңес, түсіндіру) қолжетімді деңгейде болды.	Қалада жоғары (3.91), ауылда біршама төмен (3.53) – кеңес пен түсіндіру шектеулі.
Q12	Шығармашылық тапсырмалар мен жобалар жиі беріліп, жан-жақты қолдау көрсетілді.	Қалада (3.95), ауылда (3.36). Қалада шығармашылықпен жұмыс істеу мүмкіндігі артық.
Q13	Мектеп менің білімге деген ішкі мотивациямды дамытты.	Қалада (3.97), ауылда (3.63) – мотивацияны ояту қалада жақсырақ іске асқан.
Q14	Ата-анам оқу барысында маған жеткілікті деңгейде қолдау көрсетті.	Қалада (4.05), ауылда (3.34) – ата-анамен байланыс пен қолдау қалада жақсы дамыған.
Q15	Мектептегі білімім болашаққа сеніммен қарауыма оң ықпал етті.	Қалада (3.75), ауылда (3.39) – қала мектебі оқушыларға сенімділік береді.
Q16	Жалпы алғанда, мектептегі білім беру сапасына көңілім толды.	Қалада (4.00), ауылда (3.52). Қалалықтар мектеп сапасына көбірек риза.

Кестеде берілген нәтижелер ауыл және қала мектептеріндегі білім сапасына қатысты студенттік тәжірибелердің айқын айырмашылықтарын байқатты. Қалалық мектеп түлектері барлық 16 сұрақ бойынша ауылдық мектеп түлектеріне қарағанда жоғары бағалаған. Толығырақ айтқанда, материалдық-техникалық база мен цифрлық ресурстарға қатысты сұрақтарда (Q3, Q4, Q6) қалалық мектеп түлектерінің шамамен 65-70%-ы «толық келісемін» деп жауап берді. Ауыл мектептерін бітірген студенттер арасында бұл көрсеткіш 30-40% аралығында болып шықты. Ал қосымша білім беру мен үйірмелердің қолжетімділігіне байланысты (Q10, Q12) қалалық мектеп түлектерінің жоғары бағалау үлесі ауыл мектептерімен салыстырғанда орта есеппен 20-25 пайыздық пунктке жоғары екені байқалды. Әсіресе, интернет пен кітапхана ресурстарының қолжетімділігі (Q6), материалдық база (Q4), шығармашылық және қосымша білім беру мүмкіндіктері (Q10, Q12) және ата-анамен ынтымақтастық (Q14) бойынша көрсеткіштерде айтарлықтай айырмашылықтар байқалды. Бұл мәліметтер қалалық мектептердің инфрақұрылымы мен педагогикалық әлеуетінің жоғары екенін және ауыл мектептерінде білім беру ресурстары мен мотивациялық қолдаудың жеткіліксіздігін шынайы түрде дәлелдейді.

Жалпы нәтижелер бойынша орташа көрсеткіштер ауыл оқушылары үшін 3.3–3.5 шамасында болса, қалалықтарда бұл көрсеткіш 3.8–4.1 аралығында. Бұл айырмашылықтар қала мен ауыл арасындағы білім берудің сапасына қатысты теңсіздікті сипаттайды. Талдау нәтижелері негізінде алдағы уақытта ауыл мектептеріндегі білім сапасын арттыру үшін материалдық-техникалық база мен педагогикалық қолдауды күшейту қажеттілігі туындайды.

Алынған тәуелсіз t-тест нәтижелері ауыл және қала мектептерін бітірген студенттердің көзқарастары арасында барлық 16 сұрақ бойынша статистикалық тұрғыда маңызды айырмашылық бар екенін көрсетті ($p < 0.05$) (2-кесте). Бұл айырмашылықтар студенттердің білім беру тәжірибесін бағалаудағы алшақтықты көрсетеді. Мәселен, Q3 (заманауи технологиялардың қолданысы), Q6 (кітапхана және интернет ресурстарының жеткіліктілігі) және Q10 (үйірмелер мен жарыстардың өткізілуі) секілді сұрақтарда айырмашылық деңгейі өте жоғары ($p < .001$) болып, бұл қалалық мектептердің инфрақұрылымдық және академиялық жағынан анағұрлым дамығанын білдіреді.

2-кесте – Қала және ауыл мектептерін бітірген студенттердің білім беру сапасына қатысты көзқарастарының айырмашылығын көрсететін тәуелсіз t-тест нәтижелері*Independent Samples T-Test*

	t	df	p
Q1	-2.111	162	0.036 ^a
Q2	-2.876	162	0.005 ^a
Q3	-4.320	162	< .001 ^a
Q4	-3.474	162	< .001 ^a
Q5	-4.593	162	< .001 ^a
Q6	-4.083	162	< .001 ^a
Q7	-4.351	162	< .001 ^a
Q8	-2.500	162	0.013 ^a
Q9	-2.591	162	0.010 ^a
Q10	-4.477	162	< .001 ^a
Q11	-2.431	162	0.016 ^a
Q12	-3.872	162	< .001 ^a
Q13	-2.341	162	0.020 ^a
Q14	-4.668	162	< .001
Q15	-2.343	162	0.020 ^a
Q16	-3.211	162	0.002 ^a


Note. Student's t-test.

^a Brown-Forsythe test is significant ($p < .05$), suggesting a violation of the equal variance assumption

Университет студенттері арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері пайыздық көрсеткіштер арқылы талданғанда, ауыл мектептерін бітірген респонденттердің шамамен 55-60%-ы мектептегі материалдық-техникалық базаны және цифрлық ресурстарды «төмен» немесе «қанағаттанарлық» деңгейде деп көрсетті. Ал қалалық мектеп түлектері арасында бұл көрсеткіш 25-30% аралығында көрінді. Бұл айырмашылықтан білім беру ресурстарына қолжетімділіктің аймақтық теңсіздігін нақты көруімізге болады. Аталған айырмашылықтар тек статистикалық өлшем ретінде ғана емес, педагогикалық тұрғыда да маңызды деп санауға болады. Себебі білім беру ортасының материалдық және цифрлық мүмкіндіктері оқушылардың оқу мотивациясына, танымдық белсенділігіне және болашаққа деген кәсіби бағдарлануына тікелей ықпал етеді. Сонымен қатар, Q12 (шығармашылық тапсырмалар мен жобалар), Q13 (ішкі мотивация), Q14 (ата-анамен байланыс) секілді көрсеткіштер де қалалық білім беру ортасында жоғары бағаланған ($p < .001$). Бұл ауыл мектептерінде мотивациялық, педагогикалық және материалдық қолдаудың шектеулері бар екенін көрсетеді. Алынған нәтижелер Қазақстандағы білім беру сапасындағы өңірлік теңсіздіктерді ғылыми тұрғыда шынайы негіздейді. Деректер ауыл мектептеріне арналған мақсатты реформалар мен ресурстық қолдау қажет екендігін көрсетеді.

1-суретте ұсынылған визуал – 16 сұрақтан тұратын сауалнама нәтижелері негізінде құрылған Pearson's r корреляциялық жылу картасы. Бұл кесте студенттердің орта білім сапасына қатысты қабылдауларындағы ішкі құрылымдарды анықтау үшін әзірленді. Онда барлық айнымалылардың (Q1–Q16) арасындағы өзара байланыс дәрежесі анық көрсетілген.

Жылу картасы әрбір айнымалының жұбы арасындағы Pearson корреляция коэффициентінің (r) мәндерін көрсету арқылы респонденттердің жауаптарындағы бірізділік немесе айырмашылықты сандық негізде бағалауға мүмкіндік берді. Түстердің қоюлығы r мәнінің күшін сипаттайды: мәнге жақындаған сайын ($r > 0.20$) көлеңке қоюлана түседі, бұл көрсеткіштер арасында елеулі оң байланыс бар екенін көрсетеді.



1-сурет – Студенттердің сауалнамасына негізделген көрсеткіштер арасындағы Pearson's r корреляциялық байланыстар картасы

Талдау барысында ең жоғары оң корреляциялар келесі көрсеткіштер арасында анықталды:

Q6 және Q12 (кітапхана қорлары мен шығармашылық тапсырмалардың жиілігі) арасында $r = 0.274$. Бұл білім беру ресурстары мен оқытудың креативті формаларын қолдану арасындағы өзара үйлесімділіктің бар екенін білдіреді.

Q1 және Q7 (мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен оқу бағдарламасының заманауилығы) арасында $r = 0.216$, бұл педагогикалық мамандар сапасының білім мазмұнымен сабақтас екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, Q4 және Q16, Q2 және Q8 арасындағы байланыстар $r = 0.23–0.25$ аралығында өзгеріп, оқу ортасының сапасы мен білім нәтижесіне деген көзқарастың тығыз байланыста екенін айғақтайды.

Сондай-ақ, кейбір көрсеткіштер арасында әлсіз немесе теріс корреляциялар байқалды. Мәселен, Q11–Q13 (қосымша қолдаудың болу-болмауы мен білімге деген ішкі ынта)

арасындағы теріс байланыс ($r = -0.123$) білім беру процесіндегі тәуелсіздік пен қолдау арасындағы күрделі қарым-қатынасты көрсетеді.

Жылу картасы сауалнаманың ішкі құрылымындағы логикалық байланыстарды нақтылап, қолданылған көрсеткіштердің өзара ықпалын ашуға мүмкіндік берді.

Жүргізілген талдау нәтижелері қала және ауыл мектептерін бітірген студенттердің білім беру сапасына қатысты қабылдауында жүйелі түрде айырмашылық бар екенін анық көрсетті. Анықталған айырмашылықтар тек инфрақұрылымдық қамтамасыз ету немесе цифрлық ресурстарға қолжетімділік деңгейімен шектелмей, сондай-ақ оқу процесін ұйымдастыру, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі, ата-аналық қолдау, оқушылардың ішкі мотивациясы және оқыту әдістерінің жаңашылдығы сияқты кешенді факторлармен де тығыз байланысты. Pearson's r корреляциялық жылу картасы арқылы көрсеткіштер арасындағы өзара ықпалдылық айқындалып, ауыл және қала мектептерінің білім беру жүйесіндегі құрылымдық және мазмұндық алшақтықты тереңірек түсінуге және талдауға мүмкіндік берді. Бұл эмпирикалық қорытындылар еліміздің білім беру жүйесінде өңірлік теңсіздіктерді жоюға бағытталған стратегиялық шаралардың, соның ішінде ауыл мектептеріне арналған мақсатты ресурстық, цифрлық және кадрлық қолдау саясатын әзірлеудің маңыздылығын дәлелдеді. Корреляциялық талдау әдісі бұл зерттеуде математикалық өлшем ретінде емес, білім беру сапасына әсер ететін педагогикалық факторлар арасындағы өзара байланысты түсіндіру құралы ретінде қолданылды.

Қорытынды

Еліміздегі ауыл және қала мектептері арасындағы білім беру сапасына қатысты алшақтық – білім беру жүйесінің айқын әлеуметтік-мәдени және инфрақұрылымдық теңсіздіктерінен туындайтын күрделі мәселе. Жүргізілген зерттеу жоғары оқу орындарының студенттерінің мектептегі білім тәжірибесіне байланысты көзқарастары негізінде ауыл және қала мектептері арасындағы айырмашылықтарды эмпирикалық жолмен саралауға бағытталды.

Алынған сауалнама деректері JASP статистикалық талдау бағдарламасы арқылы өңделіп, дескриптивті статистика мен тәуелсіз t -тест нәтижелері студенттердің жауаптарында айтарлықтай айырмашылық бар екенін көрсетті. Қалалық мектеп түлектері білім беру сапасы, мұғалімдердің кәсібилігі, оқу үдерісіндегі заманауи әдістер мен ресурстардың қолжетімділігі бойынша жоғары баға берді. Ал ауыл мектептерінде оқыған студенттер кейбір аспектілерде оң пікір білдіргенімен, оқу үдерісінің мазмұны, материалдық база және цифрлық инфрақұрылым тұрғысынан төмен көрсеткіштер байқатты.

Сондай-ақ, Pearson корреляциялық талдау арқылы сауалнама көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстар анықталып, білім беру сапасының кешенді құрылымы нақтыланды. Бұл нәтижелер мектеп базасындағы оқу ортасының сапасы мен білім алушылардың қабылдау ерекшеліктері арасында тығыз байланыс бар екенін дәлелдеді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері ауыл мен қала мектептері арасындағы білім беру теңсіздігін сипаттайтын эмпирикалық дәлелдер ұсына отырып, білім беру саясатында теңгерімді көзқарас қалыптастыру қажеттігін көрсетті. Білім беру сапасын арттыруда контекстік ерекшеліктерді ескеру маңызды, себебі әлеуметтік орта мен инфрақұрылым жағдайлары білім алушылардың академиялық жетістіктері мен болашаққа деген бағдарын қалыптастыратын шешуші факторлар болып саналады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – ауыл және қала мектептерінде білім алған студенттердің мектептегі білім сапасына қатысты субъективті көзқарастарын 16 көрсеткіш негізінде кешенді эмпирикалық талдау арқылы салыстыруында. Алынған нәтижелер білім беру сапасындағы айырмашылықтарды тек академиялық көрсеткіштер арқылы емес, студенттердің тәжірибелік қабылдауы мен бағалаулары арқылы айқындауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелері ауыл және қала мектептері арасындағы білім беру теңсіздігінің құрылымдық сипатын нақты эмпирикалық деректермен негіздейді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, білім беру саласын дамытуға бағытталған келесі практикалық ұсыныстарды ұсынуға болады:

- ауыл мектептеріндегі материалдық-техникалық базаны және цифрлық инфрақұрылымды күшейту;
- ауыл мектептері педагогтеріне арналған әдістемелік қолдау мен біліктілікті арттыру бағдарламаларының ауқымын кеңейту;
- ауылдық жерлерде қосымша білім беру, үйірмелер мен шығармашылық жобаларды дамытуға кешенді жағдай жасау;
- қала және ауыл мектептері арасындағы білім сапасы алшақтығын азайту мақсатында мақсатты мемлекеттік қолдау тетіктерін үздіксіз жетілдіру.

REFERENCES

1. OECD. PISA 2018 Results (Volume II): Where All Students Can Succeed. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 475 p. <https://doi.org/10.1787/b5fd1b8f-en>.
2. Безверхий О. Відмінності у цінностях старшокласників, сформованих у різних соціальних середовищах (село і місто) // Психологія та особистість. – 2022. – №1(2). – С. 15–21. [https://doi.org/10.31652/2786-6033-2022-1\(2\)-15-21](https://doi.org/10.31652/2786-6033-2022-1(2)-15-21) / Bezverhyi O. Vidminnosti u cinnostiah starshoklasnikiv, sformovanih u riznih socialnih seredovishah (selo i misto) [Differences in the values of high school students formed in different social environments (village and city)] // Psihologia ta osobistist. – 2022. – №1(2). – S. 15–21. [https://doi.org/10.31652/2786-6033-2022-1\(2\)-15-21](https://doi.org/10.31652/2786-6033-2022-1(2)-15-21) [in Ukrainian]
3. Litalien D. Pourquoi les étudiants de régions rurales montrent des aspirations scolaires plus faibles que ceux provenant de régions urbaines? Une explication basée sur une perspective motivationnelle et relationnelle. – Université Laval, 2008.
4. Reeves E.B., Bylund R.A. Are Rural Schools Inferior to Urban Schools? A Multilevel Analysis of School Accountability Trends in Kentucky // Rural Sociology. – 2005. – Vol. 70(3). – P. 360–386. <https://doi.org/10.1526/0036011054831215>
5. Siemens E. Multi-Graded, Rural Alberta Schools: Quality Education or Not? // Alberta Journal of Educational Research. – 2023. – Vol. 69(2). – P. 167–181. <https://doi.org/10.55016/ojs/ajer.v69i2.74854>
6. Lyons T., Quinn F. Rural High School Students' Attitudes towards School Science // The Australian and International Journal of Rural Education. – 2012. – Vol. 22(2). – P. 21–28.
7. Dewi R.S., Suriansyah A. Pemberdayaan masyarakat untuk peningkatan mutu pendidikan: studi kualitatif pada sekolah di pedesaan dan perkotaan // Elementary. – 2025. – Vol. 5(1). – P. 33–43. <https://doi.org/10.51878/elementary.v5i1.4158>
8. Cheng G. The Effect of Education Groups on the Quality of Urban and Rural Compulsory Education: An Empirical Analysis Based on CEPS Data // Best Evidence of Chinese Education. – 2022. – Vol. 11(2). – P. 1517–1522. <https://doi.org/10.15354/bece.22.ab004>
9. Truscott D.M., Truscott S.D. Differing Circumstances, Shared Challenges: Finding Common Ground between Urban and Rural Schools // Phi Delta Kappan. – 2005. – Vol. 87(2). – P. 123–130. <https://doi.org/10.1177/003172170508700208>
10. Sadyrova M., Mukhtarova K., Orymbetov A.E. Professional Preferences of Kazakhstan School Graduates: Methodology of Scientific Research // The Journal of Psychology and Sociology. – 2023. – Vol. 86(3). – P. 115–125. <https://doi.org/10.26577/JPsS.2023.v86.i3.010>
11. Курманбаев Р.Х., Кожанова А.Е., Берденкулова А.Ж. Внедрение модели «Зеленая школа» как фактор формирования экологического мировоззрения учащихся сельских школ // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №1(135). – Б. 419–431. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.175> / Kurmanbaev R.H., Kozhanova A.E., Berdenkulova A.Zh. Vnedrenie modeli «Zelenaia shkola» kak faktor formirovaniia ekologicheskogo mirovozzrenia uchashihsia selskih shkol [The introduction of the “Green School” model as a factor in shaping the ecological worldview of rural school students] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №1(135). – B. 419–431. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.175> [in Russian]
12. Beimisheva A.S., Argynbaeva Zh.Zh. Socio-Economic Development of the Regions of Kazakhstan: Educational Inequality in Cities and Villages // Central Asian Economic Review. – 2023. – №3. – P. 69–83. <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2023-3-69-83>

An Empirical Analysis of Students' Perceptions of Education Quality in Rural and Urban Schools

Abstract. This article presents a comparative and quantitative investigation into the perceptions of university students who graduated from rural and urban schools regarding the quality of education they received during their secondary education. The primary aim of the study is to identify and systematically analyze the views of students educated in different settings concerning the learning process, pedagogical support, material and technical infrastructure, and access to digital resources.

Empirical data were collected through a survey of students from two Kazakhstani universities. The data were analyzed using JASP statistical software. Descriptive statistics, independent samples t-tests, and Pearson correlation analysis were employed to analyze the data.

The findings indicate that students from urban schools rated the quality of education, teachers' professional competencies, technological facilities, and additional academic support significantly higher. In contrast, while students from rural schools expressed positive views regarding teacher-student interaction and moral education, they highlighted deficiencies in infrastructure and modern educational requirements. The Pearson correlation analysis revealed the structural relationships among key variables and identified the main factors influencing perceived education quality. These findings contribute to understanding the structural nature of educational inequality between rural and urban schools and offer a foundation for future educational reforms. The article stands out for its comprehensive exploration of educational disparities and its data-driven scientific insights.

The empirical findings provide a basis for developing evidence-based practical recommendations aimed at improving educational quality and reducing disparities between rural and urban schools.

Keywords: rural, urban, education quality, student perceptions, empirical research, comparative analysis, JASP.

Эмпирический анализ восприятия качества образования в сельских и городских школах студентами

Аннотация. В статье представлено сравнительное и количественное исследование особенностей восприятия качества школьного образования студентами, окончившими сельские и городские школы. Целью исследования является выявление и научный анализ мнений студентов, получивших образование в различных социальных условиях, относительно учебного процесса, педагогической поддержки, материально-технической базы и цифровых ресурсов.

Эмпирические данные были собраны посредством анкетирования студентов двух казахстанских университетов. Обработка данных осуществлялась с использованием статистической программы JASP. Были применены описательная статистика, t-критерий Стьюдента для независимых выборок и корреляционный анализ Пирсона.

Результаты анализа показали, что выпускники городских школ выше оценивают качество образования, профессионализм преподавателей, технологические возможности и доступность дополнительной поддержки. В то же время выпускники сельских школ, несмотря на положительное восприятие педагогического взаимодействия и воспитательного аспекта, отметили слабые стороны в области инфраструктуры и соответствия современным образовательным требованиям. С помощью корреляционного анализа Пирсона была выявлена структура взаимосвязей между переменными и описаны основные факторы, влияющие на восприятие качества образования. Полученные результаты позволяют глубже понять структурную природу образовательного неравенства между сельскими и городскими школами и служат основой для выработки практических рекомендаций в рамках будущих реформ. Статья выделяется всесторонним рассмотрением проблемы образовательного неравенства и опорой на достоверные эмпирические данные.

Результаты анализа мнений студентов университетов относительно качества образования в сельских и городских школах, полученные с использованием эмпирических методов, позволят разработать и обосновать практические рекомендации по развитию сферы образования.

Ключевые слова: село, город, качество образования, восприятие студентов, эмпирическое исследование, сравнительный анализ, JASP.

Авторлар туралы мәлімет

Жанбырбаева А.Н. – PhD, Нархоз университетінің профессоры, e-mail: ardak.zhanbyrbaeva@narхоз.kz, Қазақстан, Алматы қ.

Жүзеев С.Ә. – корреспондент-автор, PhD, аға оқытушы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, e-mail: serik_juzeev@mail.ru, Қазақстан, Қызылорда қ.

Сағидолда Н. – PhD, Нархоз университетінің қауымдастырылған профессоры, e-mail: nagima.sagidolda@narхоз.kz, Қазақстан, Алматы қ.

Information about the authors

Zhanbyrbayeva A.N. – PhD, Professor of Narхоз University, e-mail: ardak.zhanbyrbaeva@narхоз.kz, Kazakhstan, Almaty.

Zhuzeyev S.A. – The Corresponding Author, PhD, Senior Lecturer, Korkyt Ata Kyzylorda University, e-mail: serik_juzeev@mail.ru, Kazakhstan, Kyzylorda.

Sagidolda N. – PhD, Associate Professor of Narхоз University, e-mail: nagima.sagidolda@narхоз.kz, Kazakhstan, Almaty.

Сведения об авторах

Жанбырбаева А.Н. – PhD, профессор Университета Нархоз, e-mail: ardak.zhanbyrbaeva@narхоз.kz, Казахстан, г. Алматы.

Жүзеев С.Ә. – автор-корреспондент, PhD, старший преподаватель, Казахский университет имени Коркыт Ата, e-mail: serik_juzeev@mail.ru, Казахстан, г. Кызылорда.

Сағидолда Н. – PhD, ассоциированный профессор Университета Нархоз, e-mail: nagima.sagidolda@narхоз.kz, Казахстан, г. Алматы.